

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІ



ПРЕМЬЕР-МИНИСТР
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2025 жылғы 3 сәуірдегі
№ ДС-161 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді форвардтық сатып алу арқылы қолдау тетігіне қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймын.

2020 жылдан бері «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Азық-түлік корпорациясы) дәнді және майлы дақылдарды жыл сайын форвардтық механизм аясында сатып алып келеді.

Аталған құрал өзін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (бұдан әрі – АШТӨ) мемлекеттік қолдаудың тиімді тетігі ретінде көрсеткенін айта кеткен жөн. Бұл диқандарға көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін қаржы тартуға, сондай-ақ өз өнімдерін алдын ала келісілген шарттарда кепілдікпен өткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Азық-түлік корпорациясының негізгі міндеттерінің бірі – дағдарыс жағдайлары бола қалса, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін стратегиялық астық қорын қалыптастыру болып табылады. Бұл азық-түлік нарығын тұрақтандыру және тапшылықтың алдын алу бойынша мемлекеттік саясаттың маңызды элементі болып саналады.

Форвардтық сатып алу Азық-түлік корпорациясы мен АШТӨ арасында болашақ өнімді жеткізуге ерікті түрде жасалатын келісім болып табылады. Қаржыландыру егіс науқаны кезеңінде пайызсыз алдын ала төлем ретінде беріледі. Қаражатты қайтару заттай нысанда – берілген аванс көлеміне баламалы ауыл шаруашылығы өнімдерімен жүзеге асырылады.

Осылайша, бұл механизм АШТӨ-нің айналым қаражатын қолдауға бағытталған және қарыз жүктемесін арттырмайды.

Фермерлер бағдарламаға қатысу және жеткізу көлемі мен бағасын өздерінің өндірістік мүмкіндіктері мен нарықтық конъюнктураны ескере отырып өздері айқындайды. Қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты мен Азық-түлік корпорациясының меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

«Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік реттеу және ауылдық аумақтарды дамыту туралы» Заңға сәйкес форвардтық механизмнің негізгі мақсаты – ішкі нарықтағы баға тұрақтылығы мен азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тапшылық пен баға ауытқуының алдын алу болып табылады.

Мемлекеттік қолдау құралдары тек өндіріс көлемін ұлғайтуға, ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ғана пайдалануға тиіс.

Авансты ақшалай түрде қайтару мақсатқа сай емес деп саналады, себебі бұл қаржының мақсатсыз жұмсалуына, бюджет қаражатының тиімділігінің төмендеуіне, механизмнің сенімділігінің әлсіреуіне және азық-түлік нарығының тұрақсыздану қаупіне алып келуі мүмкін.

Сонымен қатар заттай нысанда (астықпен) қайтару келісімшарттық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді және агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақтылығына ықпал етеді.

Осыған байланысты авансты ақшалай түрде қайтару азық-түлік қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарына қайшы келіп, қаржылық тәуекелдерге және саланың орнықты даму стратегиясынан ауытқуға әкелуі мүмкін.

О. Бектенов

*Орын. Тұрғалиев А.А.
Тел. 74 53 51*